



010000, Астана қ., Бейбітшілік к-сі, 11 үй
тел: 55-66-31, 55-66-37, факс: 55-72-94

010000, г. Астана, ул. Бейбитшилик, 11
тел: 55-66-31, 55 66 37, факс: 55-72-94

№
19.05.14 № 3

**Тұрақты комиссияның
2017 жылғы 19 мамырдағы
қаулысы**

**Астана қаласының әлеуметтік,
көлік инфрақұрылым объектілеріне
мүмкіндігі шектеулі азаматтардың
қолжетімді болуы және кедергісіз
қозғалуын қамтамасыз ету бойынша
жергілікті атқарушы органдардың
жұмысы туралы**

Қалалық мәслихаттың әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы «Астана қаласы жұмыспен қамту, еңбек және әлеуметтік қорғау» ММ «Астана қаласының әлеуметтік, көлік инфрақұрылым объектілеріне мүмкіндігі шектеулі азаматтардың қолжетімді болуы және кедергісіз қозғалуын қамтамасыз ету бойынша жергілікті атқарушы органдардың жұмысы туралы» есебін тыңдап, талқылай келе, қалада тұрғындардың мобильділігі шектеулі тобына қызмет көрсету үшін жағдай жасауға бағытталған іс-шаралар қабылданып жатқанын атап өтті.

Мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың құқығын қорғау жөніндегі Үйлестіру кеңесі құрылды. Астана қаласының инфрақұрылым объектілеріне мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың қол жеткізуін қамтамасыз ету бойынша Жол картасы әзірленген, осы жобаны орындау аясында қаланың мүдделі басқармаларымен объектілерді куәліктендіруден өткізу жұмысы жүргізілуде. Жұмыс тобымен Астана қаласында 2012-2016 жылдар аралығында 365 объект куәліктендіруден өткен, оның ішінде 46 объект бейімделген.

Жүргізілген жұмыс қорытындысы бойынша 2016 жылы мүмкіндігі шектеулі жандардың қолжетімділігін қамтамасыз еткен әлеуметтік және көліктік инфрақұрылым объектілерінің үлесі 55,9 пайызды құрады. 2017 жылы қалада 104 объект куәліктендіруден өткізген. Ағымдағы жылға бейімдеу жоспары бойынша – 809 объект өту керек.

Объектілерді куәліктендіруден өткізу және бейімдеу бойынша мәліметтер қолжетімділік Интерактивтік картасына енгізілуде, қазіргі таңда 420 объекті тіркелген, оның ішінде: денсаулық сақтау объектілері – 35, білім беру -129, мәдениет - 27, спорт – 6, әлеуметтік қорғау – 3, жолаушылар көлігі- 27, тұрғын үйлер- 21.

Ғимараттарды, кіреберіс, баспалдақтар, ғимараттардың ішкі қозғалыс жолдарын тұрғындардың мобильдігі шектеулі тобы жүріп-тұруы үшін бейімдеу шаралары, автотұрақтарда арнайы жол белгілерін орнатылып, сондай-ақ, Астана қаласының көлік инфрақұрылымдарында мүмкіндігі шектеулі жандардың еш кедергісіз жүріп-тұруына жағдай жасалуда. Ішкі қала бағытындағы 1025 автобустың 609-ы арбамен қозғалатын мүгедектерді мінгізіп, түсіруге арналған жиналмалы құрылғылармен (баспалдақ) жабдықталған. 900 жүргізуші мен билет таратушы мүмкіндігі шектеулі жолаушыларға қызмет көрсету бойынша арнайы оқудан өтті.

Астана қаласында тұрғындардың мобильдігі шектеулі тобына қызмет көрсету мақсатында 84 объектіде жүргіншілерге арналған жарық модульдері, 135 бағдаршам объектілерінде уақытты кері санауды көрсеткіш тақтасы, 7.17 «Мүгедектер» 70 шақты жол белгілері орнатылған.

Мүмкіндігі шектеулі жандарды тасу үшін «Инвотакси» қызметі жұмыс жасайды. Қалалық call – орталық мүгедектерге үйде арнайы әлеуметтік қызмет көрсету үшін сұраныстар қабылдайды. «Сарыарқа» ауданының тұрғындарына қызмет көрсету орталығында дауыспен айтылу қызметі орнатылған, сондай-ақ, онлайн сурдоаудармашысымен бөлек қызмет көрсететін терезе бар. №66 орта мектебінде Брайль шрифтімен маңдайша ілінген.

Бақтар, саябақтар, ішкі аула аумақтары, жер үсті және жер асты өткелдерінің тұрғындардың мобильдігі шектеулі тобына қаншалықты қолжетімді екенін тексеру жұмыстары жүргізілуде.

Мүгедектердің қажеттілігін ескере отырып, қолжетімді орта қалыптастыруға жағдай жасау үшін шағын және орта бизнес өкілдерімен келіссөз жүргізілуде.

ЭКСПО-2017 халықаралық арнайы көрме объектілерінің қолжетімді болу шаралары жасалуда.

Еңбек, әлеуметтік қорғау және миграция департаментімен мүмкіндігі шектеулі жандардың құқығын қорғау жөніндегі қолданыстағы заң нормаларының сақталуын қадағалау бойынша жұмыстар жүргізілуде. 2016 жыл бойына 16 тексеру жүргізілген, қорытындысы бойынша 7 объекті мүмкіндігі шектеулі жандар үшін қайта жабдықталған. 2017 жылдың 1 қаңтарынан бастап 7 тексеру жүргізілді, қорытындысы бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқама берілді.

«Нұр Отан» партиясының Астанадағы филиалының «Кедергісіз келешек» жұмыс тобымен партия жобасы аясында 30 тәлқұжатталған объектінің 10 объектісіне мониторинг жүргізілді.

Сонымен бірге, қалалық мәслихаттың әлеуметтік-мәдени даму мәселелері бойынша тұрақты комиссиясы Астана қаласындағы әлеуметтік, көлік инфрақұрылымына мүмкіндігі шектеулі жандардың кедергісіз қозғалысы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету бойынша жергілікті атқарушы органдардың жұмысында бірқатар кемшіліктер мен шешілмеген мәселелер барын атап өтті.

Қазақстан Республикасының архитектура, қала құрылысы және құрылыс саласындағы заңнамаға ғимараттарды жобалау кезінде мүмкіндігі шектеулі жаңдарға қолжетімді болу жағынан өзгертулер енгізу қажет.

Ғимараттарды қайта жабдықтау бойынша құрылыс жұмыстарын тек қана жаз-күз айларында ғана жүргізуге болатынын ескере отырып, мемлекеттік архитектуралық-құрылысты бақылау органдарымен мобильдігі шектеулі жандар үшін ғимараттарды өзгертуге арналған жобаларды қарау мерзімін қысқарту қажет.

Тұрақты комиссия депутаттарының халыққа қызмет көрсету, мәдениет, спорт, білім беру объектілерін аралау қорытындысы, жасалған іс-шараларға қарамастан, мүмкіндігі шектеулі жандардың қолжетімділігі үшін әлі де бірқатар жұмыстар атқарылуы қажет екендігін көрсетті. Пандустарда шұңқырлардың болуы, қоршауының болмауы, билеттерді сату орындарында нашар көретін жандар үшін орнатылған тактильді белгілердің, нашар есітетін жандар үшін жабдықтарының жағдайының қанағаттарлық болмауы, ғимараттарда арнайы жабдықталған дәретханалардың жоқтығы жағдайды шиеленістіре түсуде. Спорттық кешендерде мүмкіндігі шектеулі жандар үшін қолжетімді киім ауыстыру бөлмесі және белгілер көбірек орнатылуы қажет.

Жоғарыда айтылғанның негізінде, қалалық мәслихаттың әлеуметтік-мәдени мәселелері бойынша комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. «Астана қаласының әлеуметтік, көлік инфрақұрылым объектілеріне мүмкіндігі шектеулі азаматтардың қолжетімді болуы және кедергісіз қозғалуын қамтамасыз ету бойынша жергілікті атқарушы органдардың жұмысы туралы» ақпарат назарға алынсын.

2. Астана қаласының әкімшілігіне, Астана қаласы әкімшілігінің мүдделі құрылымдық бөлімшелеріне ұсынылсын:

- мүмкіндігі шектеулі жандарға, оларға қажеттілікті ескере отырып, жалпы қолданыстағы көлік құралдары, қоғамдық және өндірістік жайлар, ғимараттар мен орындарда еркін қозғалу және еш кедергісіз жүріп-тұру бойынша іс-шаралар жүргізілсін;

- Қала объектілерін жобалау мен салуда мемлекеттік стандартқа сәйкес мобильдігі шектеулі жандар үшін кіреберіс, баспалдақ, ғимараттың ішінде жүру жолдарын, сондай-ақ, арбада қозғалатын мүгедектерге арналған арнайы жабдықталған дәретханалар қарастырылсын;

- Мүмкіндігі шектеулі жандардың жеке автокөлік құралдары үшін арнайы жол белгілерін орнатуға арналған орындар бөлінсін;

- тұрғынжайлық-азаматтық және коммуналдық объектілер пайдалануға берілгенде мемлекеттік қабылдау комиссиясы құрамында мүгедектер қоғамдық бірлестігінің өкілдерінің болуы қамтамасыз етілсін;

- халықтың мобильдігі шектеулі тобына қызмет көрсетуге арналған мекемелер орналасқан жерлерге, сондай-ақ, көпшілік жерде синхронды дауыс және белгі беретін арнайы бағдаршамдар, жол белгілері мен көрсеткіштерді, дыбыс және жарық беру белгілерімен жабдықталған жаяу жүргінші откепдерін орнату қамтамасыз етілсін;

3. «Астана қаласы бойынша еңбек, әлеуметтік қорғау және миграция департаменті» ММ ұсынылсын:

- мүмкіндігі шектеулі жандарды әлеуметтік қорғау саласында қолданыстағы заң нормаларын қадағалау бойынша мақсатты жұмыс жүргізілсін;

- Қазақстан Республикасының мүгедектерді әлеуметтік қорғау жөніндегі заңның орындалуы туралы ақпарат не қажетті құжаттарды меншік түріне қарамастан жұмыс беруші мен ұйымдардан алынсын;

4. Осы қаулының орындалуын бақылау әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі мәселелер бойынша тұрақты комиссия төрағасының орынбасары Қарақат Жаксылыққызы Абденге жүктелсін.

**Әлеуметтік -мәдени даму
жөніндегі тұрақты
комиссияның төрағасы**



М. Шайдаров